

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 тамыздағы N 780 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 33, 357-күжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

9-тармақтың 1) тармақшасындағы "таңдаулы" деген сөз алынып тасталсын;

10-тармақ мынандай мазмұндағы 70-1), 70-2), 70-3), 70-4), 70-5), 70-6), 70-7), 70-8), 70-9), 70-10), 70-11), 70-12), 70-13), 70-14), 70-15), 70-16), 70-17), 70-18), 70-19), 70-20), 70-21), 70-22), 70-23) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-1) селекция, сорттық сынақ және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

70-2) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

70-3) мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыру мен басқаруды және олардың сандық-сапалық жағдайын бақылауды жүзеге асырады;

70-4) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын өндіру және сату көлемін болжайды ;

70-5) бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар өндірушілерді, байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді, сорттардың оригинаторларын тіркеу, зертханалық сорттық сынақтар жүргізу ережелерін бекітеді ;

70-6) тиісті куәлік беру арқылы тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестаттауды жүргізеді ;

70-7) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды

;

70-8) сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сорттық егістерді байқаудан өткізу, жерге егіп бағалау, зертханалық сорттық сынақтан өткізу тәртібін бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

70-9) тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиісті бюджеттік бағдарламаларын әзірлейді және оған әкімшілік етеді;

70-10) сортты сынақтан өткізу мен тұқым шаруашылығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдерді және тұқымға арналған құжаттаманың нысандарын әзірлейді және бекітеді;

70-11) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға тұқым шаруашылығы саласында бар мемлекеттік стандарттарды, техникалық талаптар мен басқа да нормативтік құжаттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

70-12) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша ерекше жағдайларда тұқым сапасының мемлекеттік стандарттарда белгіленген көрсеткіштерін бір жылдан аспайтын мерзімге төмендетуге рұқсат береді;

70-13) бастапқы, элиталық және өнеркәсіптік (жаппай) тұқым шаруашылығын жүргізудің схемалары мен әдістерін әзірлейді және бекітеді;

70-14) отандық және шетелдік селекция сорттарына мемлекеттік сынақ ұйымдастырады ;

70-15) сорттардың оригиналорларын тіркейді;

70-16) аттестатталған тұқым өндірушілер үшін белгіленген квоталар шегінде субсидиялануға тиісті тұқымдарға шекті сату бағасын белгілейді;

70-17) республиканың тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады;

70-18) өз құзыреті шегінде селекция және тұқым шаруашылығы жөнінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

70-19) субсидиялануға тиісті тұқымдардың әрбір түрі бойынша тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған субъектілер үшін көрсетілген мақсаттарға республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жыл сайынғы квоталарды белгілейді ;

70-20) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекітеді;

70-21) бірегей тұқымдардың және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылып сатылған тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылайды ;

70-22) тұқым шаруашылығы саласында ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады, байқаудан

өткізушілер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

70-23) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және егу сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі